



Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ:

«АБАЙ ӨНЕГЕСІНІҢ ҚҰНЫ ДӘУІР АЛМАСҚАН САЙЫН АРТПАСА, КЕМІМЕЙДІ. ОЛ БАРШАҒА ТҮСІНІКТІ ӘРІ КҮЛЛІ АДАМЗАТҚА ОРТАҚ»

4

@NurSultanNewsBot t.me/elordainfo

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ/ 1990 ЖЫЛҒЫ 13 ҚАЗАННАН БАСТАП ШЫҒАДЫ



ASTANA



№94 (4063) | Сейсенбі | 11 тамыз 2020 жыл

AQSHAMY

» Елімізде Абай күні тұңғыш рет атап өтілді. Ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсыновтың сөзімен айтсақ, Президенттің тапсырмасына сәйкес «Қазақтың бас ақынының» туған күні – Үкіметтің қаулысымен Абай күні болып белгіленді. Оныншы тамыз күні хакім атамыздың туғанына 175 жыл толды. Осыған орай елордадағы тұғырлы тұлғаның ескерткішіне Мемлекеттік хатшы Қырымбек Көшербаев, Президент Әкімшілігі басшысының бірінші орынбасары Дәурен Абаев, Премьер-Министрдің орынбасары Ералы Тоғжанов, Мәдениет және спорт министрі Ақбота Райымқұлова, Нұр-Сұлтан қаласының әкімі Алтай Көлгінов және қоғам қайраткерлері мен зиялылар гүл шоғын қойды.



ҰЛЫ АБАЙ ҰЛЫҚТАЛҒАН КҮН

2

САНСӨЙЛЕМ

ЕЛІМІЗДЕ ШІЛДЕ АЙЫНДА 1 МИЛЛИОНҒА ЖУЫҚ АЗАМАТҚА ЖАЛПЫ СОМАСЫ

5,4 млрд

ТЕҢГЕНІҢ АЗЫҚ-ТҮЛІК ЖӘНЕ ТҰРМЫСТЫҚ ЖИЫНТЫҚТАР ҮШІН ТӨЛЕМАҚЫ БЕРІЛДІ.

ОСАЛ ТОПҚА – САУДА ОРЫНЫ

Елордада «1000 орын – көше саудасы» бағдарламасы бойынша бірінші жартыжылдықта 37 учаске бөлінді.

Сауда орындарының жартысына жуығы әлеуметтік осал топтарға жататын азаматтарға берілді. Атап айтқанда, «Атамекен» өнеркәсіп-кәсіпкерлік палатасының квотасы бойынша 16 учаске, www.gosreestr.kz

порталындағы сауда қорытындысы бойынша 21 учаске бөлінген. Бұл сауда орындарында сусындар, балмұздақ, фаст-фуд өнімдері, жеміс және көкөністер, гүл сатылатын болады. Сонымен қатар бірнеше нысанда

мобильді техникалық қызмет көрсетіледі. «Astana» ӘКК» ҰК» АҚ үйлестіріп отырған «1000 орын – көше саудасы» бағдарламасы көптеген астаналықтардың жұмыспен қамтылуын қамтамасыз етіп отыр.



@NurSultanNewsBot | t.me/elordainfo

САЙЛАУДАҒЫ ЖЕҢІСІМЕН ҚҰТТЫҚТАДЫ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Александр Лукашенконы Беларусь Президенті болып қайта сайлануымен құттықтады. Бұл туралы Ақорданың баспасөз қызметі хабарлады.

Президент Қазақстан халқының және жеке өзінің атынан Александр Лукашенконы Беларусь Президенті болып қайта сайлануымен құттықтап, жеделхат жолдады. «Саяси жағдайдың күрделі болғанына қарамастан сайлаудың қорытындысы халық сіздің Беларусь мемлекетінің егемендігі мен тәуелсіздігін нығайтуға негізделген стратегиялық бағытыңызды қолдайтынын көрсетті» делінген жеделхатта.

Президент екі ел халқының игілігі үшін Қазақстан мен Беларусь арасындағы өзара тиімді ынтымақтастық алдағы уақытта да табысты дами береді деп сенетінін жеткізді. Қасым-Жомарт Тоқаев Александр Лукашенкоға Беларусь Республикасының Президенті ретінде ойға алған барлық жоспарын толық жүзеге асыруды, ал Беларусь халқына бейбітшілік, өзара түсіністік пен өсіп-өркендеу тіледі.

ЕЛШІ ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕ ҚҰТТЫҚТАДЫ

АҚШ-тың Қазақстандағы елшісі Уильям Мозер қазақстандықтарды 10-шы тамыз – Абай күнімен қазақ тілінде құттықтады.

«Аса құрметті қазақстандықтар! Сіздерді өзгеше, жөні бөлек мерекемен шын жүректен құттықтаймын! Бүгін – Абай күні мерекесі! Бұл мереке – руханият пен мәдениеттің, поэзияның, Абай Құнанбайұлы салған жақсы дәстүрдің жаңғыруы, жалғасуы. Біз келешекте де Елшілікте Абай күнін атап өту үшін, Абай дәстүрін жаңғыртқымыз келеді. Абай ақын тоғызқұмалақ ойнаған. Міне, жыл сайын тоғызқұмалақтан жарыс ұйымдастырмақ ойымыз бар. Одан кейін, міндетті түрде дастархан басында жиналып, бауырсақ пен қымызды ортаға салып, домбыра шертіп, Абай әндерін айтамыз. Абайдың қара сөздерін оқып, талдаймыз. Абай армандаған «Кемел адам тәрбиелеу» – адамзаттың парызы. Осыны қазіргі пандемия жағдайы да қатты түсіндіріп отыр» делінген ресми құттықтауда.

Нұр-Сұлтан қаласы мәслихатының VI шақырылым депутаттарының және Нұр-Сұлтан қаласы тұрғындарының назарына!

2020 жылғы 14 тамызда сағат 10.00-де «Zoom» сервисінің бейнеконференциялық байланыс платформасында өтетін, Нұр-Сұлтан қаласы мәслихатының VI шақырылымының кезектен тыс сессиясы шақырылады.

Сессияның қарауына келесі мәселелер енгізіледі:

1. «Нұр-Сұлтан қаласының 2020-2022 жылдарға арналған бюджеті туралы» Нұр-Сұлтан қаласы мәслихатының 2019 жылғы 12 желтоқсандағы № 456/58-VI шешіміне өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы.
2. Жер учаскелерін мемлекеттік мұқтажы үшін алып қоюға байланысты жер учаскелерін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті иеліктен шығару шарттардың жобаларын келісу туралы.
3. Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің жанындағы Тұрғын үй – коммуналдық дамудың 2020-2025 жылдарға арналған Нұрлы жер мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде Нұр-Сұлтан қаласындағы тұрғын үй қорын реновациялау жобасын іске асыру жөніндегі Тұрғын үй комиссиясының құрамы туралы.

Анықтама телефондары: 55-66-37, 55-66-31
М.Шайдаров,
Нұр-Сұлтан қаласы
мәслихаты хатшысының м.а

ҰЛЫ АҚЫН – ҰЛТТЫҢ ТЕМІРҚАЗЫҒЫ

Нұр-Сұлтан қаласының әкімі Алтай Көлгінов Абай күнімен құттықтады.

Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша Үкімет 10 тамызды «Абай күні» деп белгілеген болатын. Абай – ұлттың темірқазығы. Абай жолы – ізденген адамға шамшырақ, адасқан адамға туралықты көрсететін қастерлі жол. Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында экономикалық ахуалдың ауырт-

палығына қарамастан, Елбасымыз Ұлы ойшылдың 150 жылдығын атап өту туралы шешім қабылдап, рухани сілкініс жасады. Биыл қаламызда Абайдың 175 жылдығына арналған шаралар жоспарланған еді. Алайда әлемдік пандемия жоспарымызды өзгертті. Шаралардың форматы онлайн болға-

нымен, мән-мазмұны өзгермейді. Абай философиясы әрқайсымыздың жүрегімізден орын алғанда ғана ыстық қайрат, нұрлы ақыл, жылы жүрек сияқты адамдықтың үш қасиеті қалыптаспақ. Баршаңызды Абай күні мерекесімен шын жүректен құттықтаймын, – делінген құттықтау хатында.



ҰЛЫ АБАЙ ҰЛЫҚТАЛҒАН КҮН

(Соңы. Басы 1-бетте)

Салтанатты жиынға қатысқан филология ғылымдарының докторы, профессор Мырзатай Жолдасбеков данышпанның терең ойлары мен шығармашылығы жайында парасатты сөз өрбітті.

«Абайдың қазақты сынамаған жері жоқ. Бірақ қазақты жанындай сүйді. Бір өкініштісі, Абай сынаған көп әдеттен әлі күнге арыла алмай келеміз. Қайта оның үстіне бірталай қайғы-қасірет қосылды. Біз осыдан түгел арылып, Абайды қайта түсініп, ұғынып оқуымыз қажет» деді ғалым. Қазақстан Жазушылар Одағының төрағасы, ақын Ұлықбек Есдәулет адамзаттың

алғашқы ұстазы Аристотельден бастап, ұлы ұстаздар мен классиктердің қай-қайсымен де Абайды терезесі тең тұратын данышпан деп есептейтіндігін айтты:

– Қазақстан Жазушылар одағы мерейтойға орай ақынның поэзиялық күнтізбесін шығардық. Сонымен бірге интерактивті кітабын дайындап, оған өлеңдері, қара сөзі және әндерін енгіздік. Бұл кітапты бағалы дүние деп айтуға болады. Қазіргі күні кемеңгер тұлғаның шығармалары он тілге аударылып, оқырманға жол тарта бастады. Бұдан бөлек, М.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты дайындаған ақынның үш томдық академиялық танымдық жинағы жарық көреді.

ҚҰРЫЛЫС ЖҰМЫСТАРЫ ҚАТАҢ ҚАДАҒАЛАУДА

Елордада құрылысы тоқтап тұрған көптеген нысандарға қайта жан бітті. Өйткені биыл бас қалада өткен жылмен салыстырғанда екі есе көп құрылыс пайдалануға берілмек.

«Территория комфорта-1» нысанының блоктары бұзылған жерде құрылыс жұмыстары қайта басталды. Көппәтерлі тұрғын үй кешенінің құрылысы 2004 жылы басталып, одан кейін тоқтап қалған болатын. Ешқандай талаптарға сәйкес келмегендіктен, бұл үй апатты деп танылды. Мұндағы үлескерлер саны 500-ден асады.

Сондай-ақ Алтай Көлгінов таңертеңгілік аралау барысында «Шығыс»

тұрғын үй кешеніне қарасты блоктардың құрылыс барысымен танысты. «Таңертеңгілік аралау барысында «Шығыс» тұрғын үй кешеніне жататын 1а, 1в, 2а, 2в, 3а, 3б блоктарының құрылыс жұмыстарының барысымен таныстым. Бұл жердегі барлық блоктарда жұмыстар жүргізіліп жатыр. Құрылыс қарқыны мен жұмысшылар санын арттыруды тапсырдым. Қазіргі қолайлы

ауа-райын барынша пайдаланып, үйлердің, шатырлардың қасбетімен айналысу керек. Сонымен бірге инженерлік желілерге уақытылы қосып, абаттандырумен айналысу қажет. Нысандағы жұмыстарды кестеге сәйкес аяқтау маңызды. Өз тарапымыздан барлық кедергілерді жоямыз, тиесілі қаржы бөлінген» деп жазды қала әкімі өзінің instagram парақшасында.

12 МЕКТЕП САЛЫНАДЫ

Қала тұрғындары санының өсуіне байланысты әлеуметтік нысандарға түсетін салмақ артып келеді. Білім ордалары, әсіресе халық көп шоғырланған елді-мекендерде салынып жатыр. Елорда әкімі Алтай Көлгінов қаладағы мектептер құрылысының қалай жүріп жатқанын тексерді.

«Бүгін бірқатар оқу нысандарының құрылыс барысымен таныстым. Қазіргі №60 мектеп-лицей аумағында (Кубрин 21/1 көшесі) тағы бір мектеп салып жатырмыз. Мектеп аумағын кеңейтеміз. Бұл мектепке артылған шамадан тыс жүктемені азайтып, жаңа оқу орындарын құруға мүмкіндік береді. Биыл осы мектепті пайдалануға береміз. Абаттандыру жұмыстарына назар аудару қажет. Осы жылы былтырғы жылмен салыстырғанда

екі есе көп мектеп саламыз. Биыл салынатын мектеп саны – 12» деп жазды қала басшысы өзінің instagram парақшасында.

Келесі жылдарға да дайындық жүріп жатыр. Қала әкімі 2021 жылы пайдалануға берілетін Ұлы Дала мен №39 көше қиылысында орналасқан білім ордасын да аралады. Мектеп 1200 оқушыға есептелген (екі ауысымда – 2400). Құрылысқа жеке инвестордың қаражаты жұмсалды.



АСТАНАДАН АУЫЛҒА ДЕЙІН...

■ АЛМАТЫ ОБЛЫСЫ

Алакөлдің Алматы облысындағы бөлігінде маусымдық өрт сөндіру бекеті ашылып, жұмысын бастады. Бекет екі өрт сөндіру техникасы мен 5 адамнан тұратын жеке құраммен қамтамасыз етілді. Өрт болып жатқан жерге ауыр техникамен қатар катерлермен барып, келден су шашуға арналған құрылғылар да бар.

■ ҚОСТАНАЙ ОБЛЫСЫ

Биыл Қостанай облысындағы Сарыкөл ауданында 11 инфрақұрылымдық жоба жүзеге асырылады. Бұл мақсатқа мемлекеттік бағдарлама арқылы бір миллиард теңге бөлінді. Құрылыс жұмыстарына, негізінен жергілікті тұрғындар жұмылдырылған. Осылайша олар туған өлкенің көркеюіне үлес қосып жатыр.

■ ЖАМБЫЛ ОБЛЫСЫ

Байзақ ауданында алғаш рет ауылдық деңгейде «Ашық әкімдік» алаңы ашылды. Енді ауыл әкімі де, мамандары да жұртқа бір алаңда отырып қызмет көрсетеді. Қазір жаңа форматтағы жұмысты Бұрыл ауылдық округі әкімдігінің қызметкерлері бастап кетті. Бұдан былай ауыл тұрғындары аудан орталығына барып, бөлімдерді іздеп сабылмайды.

■ ПАВЛОДАР ОБЛЫСЫ

Ақтоғай ауданында тауарлы-сүт фермасының құрылысы басталады. Инновациялық жоба мемлекеттің «Сүт шаруашылығын дамыту» бағдарламасы аясында жүзеге асады. Заманауи сүт фермасының құны 7 миллиард теңгеге түсті. Оның 25 пайызын шаруашылықтың жеке қаражаты құрайды.

■ ШЫМКЕНТ

Жыл соңына дейін агроиндустриалды аймақ құрылады. Қазір қалалық ауыл шаруашылығы басқармасы 2 кезенді қамтитын жол картасын әзірлеуде. Жобаға сәйкес, алдымен шаһарда жылыжай шаруашылығы дамытылмақ. Ал екінші бағытында қала іргесіндегі «Бозарық» елді мекенінен ауыл шаруашылығы өнімдерін қайта өңдеп, тамақ өнімдерін өндіру қолға алынбақ.

КАРАНТИН ТӘРТІБІН БҰЗҒАНДАРҒА АЙЫППҰЛ САЛЫНДЫ

► Мониторинг топтары санитарлық-эпидемиологиялық талаптарды сақтау бойынша рейдтерді жалғастыруда.



Нұр-Сұлтан қаласында өткен аптада мониторинг топтары карантин тәртібін бұзудың бірқатар деректерін анықтады. Рейд барысында «Гаухартас» мейрамханасы мен «Ориент клуб» спа-сало-

нында карантин режимі сақталмағаны анықталды. Оларға айыппұл салынды. 9 тамызда мониторинг тобы кешкі аралау барысында полиция қызметкерлері және Есіл ауданының тауарлар мен

көрсетілетін қызметтердің сапасын және қауіпсіздігін бақылау басқармасының өкілдерімен бірлесіп «Tequila» лаундж-бары мен «Гинза» мейрамханасында карантин режимі бұзылғанын анықтады. Тәртіп сақшылары түсіндіру жұмыстарын жүргізіп, аталмыш нысандардың басшыларынан түсініктеме алды.

Сондай-ақ, тексерушілер «Халықтың санитарлық-эпидемиологиялық салауаттылығы саласындағы заңнама талаптарын бұзу» бабы бойынша материалдарды беру және әкімшілік хаттаманы ресімдеу үшін баяннат жасады.

Байқоңыр ауданын аралау нәтижесінде «Понаехали» бары мен «Наливали» дүкенінде тәртіп бұзушылық анықталды. Мобильді топ мүшелері нысандардың меншік иелерімен бұзушылықтарды жою туралы түсіндірме өткізді.

СЕНАТ САЙЛАУЫ ӨТЕДІ

► Орталық сайлау комиссиясы 12 тамызға белгіленген Парламент Сенаты депутаттарының сайлауына дайындық мәселесі бойынша отырыс өткізді. Отырысқа бейнебайланыс режимінде облыстардың, Нұр-Сұлтан, Алматы және Шымкент қалаларының аумақтық сайлау комиссиялары және онлайн режимде бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдері қатысты.

Орталық сайлау комиссиясының төрағасы Берік Имашев 10 тамыз күні сағат 00:00-де үміткерлердің сайлауалды үгіт-насихаттары аяқталатынын хабарлады. «Осыған байланысты облыстардың, Нұр-Сұлтан, Алматы және Шымкент қалаларының аумақтық сайлау комиссиялары төрағаларының дауыс беру күніне дайындық туралы ақпараттары тыңдалды. Сайлау комиссияларының ұсынған мәліметтеріне сәйкес, сайлау бюллетендеріне 46 үміткер енгізілді (тіркеуден кейін 12 үміткерден кандидатураларын алып тастау туралы өтініш берілді).

Яғни, Шығыс Қазақстан облысынан – 4, ал 10 өңірден 3 үміткерден: Ақмола, Атырау, Батыс Қазақстан, Қарағанды, Қостанай, Қызылорда және Павлодар облыстары, Нұр-Сұлтан, Алматы, Шымкент қалалары. Қалған өңірлерден – 2 үміткерден: делінген ОСК ақпараттыңда.

Республика бойынша таңдаушылар тізіміне 3069 мәслихат депутаты енгізілген. Олардың басым бөлігі Алматы облысынан – 317 және Шығыс Қазақстан облысынан – 301, ал едәуір аз бөлігі Нұр-Сұлтан қаласынан – 21, Шымкент қаласынан – 26 және Алматы қаласынан – 32



«АБАІ. 175 ЖҮЛ» МОНЕТАЛАРЫ

► Кеше Ұлттық Банк номиналы 100, 500 теңгелік «Есте қалатын оқиғалар мен біртуар адамдар» сериясы бойынша «АБАІ. 175 ЖҮЛ» коллекциялық монеталарын айналымға шығарды.



таңбаның сол және оң жағында «QAZAQSTAN RESPUBLIKASY · REPUBLIC OF KAZAKHSTAN» деген жазбалар орналасқан. Айналымыра ұлттық ою-өр-

нек элементтері бар. Төменгі бөлігінде «TENGE» жазбасы және күміс монетада монетаның номиналын білдіретін «500» саны және мельхиор мен нейзильбер монеталарында «100» саны бейнеленген.

Монеталардың сырт жағында Абай Құнанбаевтың мүсіндік портрет бейнесі, күміс және мельхиор монеталарда интерференциялық түрлі-түсті бейнелеу технологиясын қолдана отырып орындалған сия құтысының және қаламұштың стильдендірілген бейнесі орналасқан. Портреттің оң жағында – қазақтың киіз үйі (басқұр) декоры

түріндегі ою-өрнек таспасы, оның астында Абай Құнанбаевтың туған жылын, 175 жылдығын мерекелейтін күнді және соғылған жылын білдіретін «1845-2020» деген жазба орналастырылған. Оң жағында – металдың массасын білдіретін «31,1 g» деген жазба бар. Монетаның жоғарғы бөлігінде «175» және «JYL» деген жазба бар. Сол жақ бөлігінде ұлттық ою-өрнек элементі, күміс монетада монета дайындалған металды және оның сынамын білдіретін «Ag 925» деген жазба бар. Монетаның төменгі бөлігінде латын графикасында «АБАІ» деген жазба бар.



ЖАҒАН ЖАҒАЛЫҚТАРЫ



ЛИВАНДА ЖАҒДАЙ УШЫҚТЫ

Ливан астанасы Бейрутте ереуіл басылар емес. Жиналғандарды тарату үшін полиция көз жауарататын газ бен резеңке оқ қолданған. Шерушілер ел президенті мен премьер-министрдің отставкаға кетуін әрі аймақта мерзімінен бұрын сайлау өткізіп, портта болған жарылысқа қатысты әділ тергеу жүргізуді талап етеді.

Бейруттағы жарылыстан 158 адам қаза тапты. 5 мыңға жуық тұрғын жарақат алды. 300 мыңнан астам адам баспанасыз қалды. Елдегі ушыққан жағдайдан кейін бірнеше министр орнын босатқан еді. Бірақ халық оған тоқтар емес. Тіпті «Бейрут Францияға қосылғысы келеді» деп ұрандатып жүргендер де бар. Айта кетейік, Ливан 1946 жылға дейін Францияның отары болған.



БЕЛАРУСЬ ЕЛІНЕН БЕРЕКЕ КЕТПЕСІН

Беларусь орталық сайлау комиссиясы (ОСК) 10 тамызда таңертең президент сайлауының алдын ала қорытындысын жариялады. Ресми мәлімет бойынша, Александр Лукашенкоға сайлаушылардың 80,23 пайызы дауыс берсе, оның басты қарсыласы Светлана Тихановская сайлаушылардың 9,9 пайыз дауысын иеленген.

Сайлаушылар дауысын өз бетінше есептеген оппозиция Тихановскаяның 80 пайыздан аса дауысқа ие болғанын хабарлады. Сайлау нәтижесі жарияланғаннан кейін елде наразылық орын алып, Минскіде шеруге шыққандар мен арнайы жасақ қақтығысып қалған.



ЕКПЕНІ ЕҢ АЛДЫМЕН РЕСЕЙ ЖАСАДЫ

Әлемде коронавируске қарсы 200-ден аса вакцина дайындалып жатыр. Солардың тек алтауы ғана клиникалық сынақтың екінші және үшінші кезеңіне жеткен. 12 тамызда ресейлік вакцина әлемде бірінші болып тіркеуден өтпек. Ол ең алдымен медициналық қызметкерлер мен егде жастағы тұрғындарға салынады деп күтілуде.

Әлемде коронавирус жұқтырғандар саны 20 миллионға жуықтады. 10 тамыз күнгі дерек бойынша COVID-19 инфекциясының 19 848 905 жағдайы зертханалық түрде расталған. Индеттен 13 миллионға жуық науқас сауығып, 731 327 адам қайтыс болды.

Қалиакбар
ҮСЕМХАНҰЛЫ

Беттегі суреттер Galimtorban алынды

■ АҚМОЛА ОБЛЫСЫ

Көкшетаудағы Қопа көлі мен Қылшақты өзені тазартылып жатыр. Себебі, аталған су айдындарын қоқыс басып, қамыс пен басқа да өсімдіктер қаптап кеткен. Облыстық табиғи ресурстар мен табиғатты пайдалануды реттеу басқармасының әзірлеген жобасына сәйкес жұмыстар 5 учаскеде жүргізіледі. Оларда бірнеше техника мен 10 шақты адам еңбек етеді.

■ АТЫРАУ ОБЛЫСЫ

Атырау облысын жайлаған қуаңшылық салдарын жою мақсатында кешенді бағдарлама жүзеге аса бастады. Мұнайлы өңірде жайылымдар мен шабындықтарға су жеткізетін 15 канал бар. Оның көпшілігі жылдар бойы қарасыз қалғандықтан, құмығып қалған. Солардың бірі - Индер ауданына қарасты «Алғабас-Жорық» каналы. Таяуда ұзындығы 65 шақырымдық су арнасы күрделі жөндеуден өтіп, ел игілігін көре бастады.

■ ҚАРАҒАНДЫ ОБЛЫСЫ

Жаңарқа ауданындағы тоз-тозы шыққан бірнеше ауыл қайта түледі. Қазынадан бөлінген қыруар қаржыға әлеуметтік нысандар жөндеуде. Мәселен, Талдыбұлақ ауылындағы ескі мәдениет үйінің шатыры мен едені ауыстырылса, Ералиев, Ақтау, Орынбай елді мекендеріндегі ішкі жолдарға асфальт төселіп, көше жарықтандырылған. Сондай-ақ электр желілері жаңартылып жатыр.

» 10 тамызда ұлтымыздың ұлы ақыны, ойшыл тұлғасы Абай Құнанбайұлының туғанына 175 жыл толды. Бұдан ширек ғасыр уақыт бұрын Тұңғыш Президентіміз – Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың бастамасымен Абайдың 150 жылдығы ЮНЕСКО деңгейінде өткізілген еді. Бұл торқалы той – сол тамаша дәстүрдің жалғасы.



Биылғы мерейтойға орай бірқатар іс-шара жоспарланған болатын. Бірақ әлемді жайлаған індетке байланысты соның көпшілігін онлайн форматқа ауыстырдық. Әрине сан сынақтан сүрінбеген халқымыз бұл дертті де жеңеді. Қиындық өтпелі, ал Абай мұрасы мәңгілік. Менің тапсырмам бойынша Үкімет оныншы тамызды «Абай күні» деп белгілеп, мерекелер тізбесіне енгізді (бірақ жұмыс күні болып қала береді). Ұлы ақынның мұрасын ұлықтауға арналған іс-шаралар жыл сайын өткізіліп тұратын болады. Мәселе мерейтойда емес – тұғырлы тұлғаның туындыларынан терең тәлім алу. Абайдың рухына тағзым ету – оның қағидатын ұстану, аманатына адал болу. Сонда ғана жас ұрпақтың санасына қастерлі құндылықтарды сіңіреміз. Біз ұлы ойшылдың өнегелі өмірі мен тағылымы туралы айтудан жалықпаймыз. Әсіресе қазіргі Қазақстан қоғамын Абайдың рухани ұстанымына сай дамыту аса маңызды. Мен бұл жөнінде «Абай және ХХІ ғасырдағы Қазақстан» атты мақалама кеңінен айттым. Биылғы жыл халықаралық «Абай жылына» айналды. Әлемнің көптеген елдері оның шығармашылығына назар аударуда. Қазақстанның бастамасымен және ЮНЕСКО-ның қолдауымен ұлы ақынымыздың 175 жылдық мерейтойы жаһандық деңгейде аталып өтуде. Ақынның баға жетпес мұрасын ұғындыру және дәріптеу – азаматтық парызымыз. Өйткені Абай – әлемдік деңгейдегі кемеңгер тұлға. Абайтанудың тұғырнамалық негізі де осы болуға тиіс. Қазір ақынның еңбектерін халықаралық ғылыми айналымға енгізу үшін нақты және мақсатты жұмыстар қолға

Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ,
Қазақстан Республикасының Президенті:

АБАЙ – РУХАНИ РЕФОРМАТОР

алынууда. Оның шығармалары әлемнің он тіліне аударылып, баспаға әзірленді. Бұл кітаптар жүзден астам елдің кітапханалары мен мәдени орталықтарына жіберіледі. Бірқатар шетелдік аудармашыларға, Абайдың шығармашылық мұрасын зерттеушілер мен насихаттаушыларға менің Жарлығыммен мемлекеттік награда берілді. Абай рухын ұлықтау шаралары жалғасуда. Шетелдегі елшіліктеріміздің жанынан Абай орталықтары ашыла бастады. Ақынның шығармашылығын жүйелі зерттеу үшін Л.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті жанынан Абай академиясы құрылды. Біз бәсекеге қабілетті мемлекет болу үшін Абай мұрасын естен шығармауымыз керек. Себебі ұлт ретіндегі жаңару идеясы да оның көзқарасымен үндесіп жатқаны анық. Келесі жылы Қазақстан Тәуелсіздігінің 30 жылдығын атап өтеміз. Бірақ кезінде ұлы ойшылды қатты толғандырған кейбір келеңсіздіктер қоғамда әлі де кездеседі. Өкінішке қарай Абай айтқан «бес дұшпаннан» толық арылып болған жоқпыз. Азаматтарымыздың арасында жалқаулық пен сөзуарлық жиі кездесетіні қынжылтады. Бұлар бұрынғыша тойқұмарлықтан тартынбай, күнделікті тынымсыз тірлікті дәріптеудің орнына, әрбір қоғамдық оқиғадан саяси астар іздейді де

отырады. Абай халықты той тойлауға емес, еңбек етуге, рухани кемелденуге шақырды. Абайдың ұлағаты әлі күнге дейін маңызын да, құндылығын да жоғалтқан жоқ. Сондықтан біз оның терең ойларына, келешектің келбетіне үңілген көрегендігіне таңырқаудан жалыққан емеспіз. Абай ілімі бүгінгі бірқатар бағыттарға орайлас келеді. Ең алдымен, білім игеру. Біз бүкіл әлемді ақыл-ой мен парасатты пайым арқылы ғана мойындата аламыз. Заман талабына сай білім алу интеллектуалды ұлт қалыптастыруға жол ашады. Екінші, тәрбие мәселесі. Сондықтан, өскелең ұрпаққа дұрыс бағыт берген жөн. Ақынның «Пайда ойлама, ар ойла, талап қыл артық білуге» деген өсиетін әрдайым санаға сіңіру қажет. Үшінші, жаңа өнер игеру. Ақын әр қазақ өз ісінің шебері болса деп армандады. Әсіресе бәсекелестікке толы алмағайып заманда мұның мәні зор. Абай: «Мал керек болса, қолөнер үйренбек керек. Мал жұтайды, өнер жұтамайды» дейді. Біз еңбекке, жаңа өнер игеруге деген көзқарасымызды түбегейлі өзгертуге тиіспіз. Байлықтың да, бақыттың да кілті – өзің сүйген кәсіпте. Төртінші, ынтымақ мәселесі. Абай әрдайым қоғамның береке-бірлігін арттыруға ден қойды. Ол «Бірдің, қазақ, бірін дос, көрмесен істің – бәрі бос» деп, елді татулыққа шақырды. Біз

аса күрделі кезеңді бастан өткерудеміз. Осындай сәтте бір-бірімізге қол ұшын беріп, өзара мәміле мен ынтымағымызды арттыра түсу аса маңызды. Кемеңгердің де жан-жүрегімен тілегені жұртының амандығы мен ұлтының тұтастығы еді. Сондықтан бүгінгідей қиын шақта Абай мұрасына жүгіну өте өзекті болып отыр. Абай өнегесінің құны дәуір алмасқан сайын артпаса, кемімейді. Ол баршаға түсінікті әрі күллі адамзатқа ортақ. Оның қара өлең болып өрілген және қара сөз болып тегіленген оралымды ойлары әлі күнге дейін өмірлік бағдар болып келеді. Ұлтының болашағы үшін қам жеген ұлы ойшыл күллі жұртшылықты да махаббат пен мейірімге үндеді. Ақынның осындай адамгершілік қағидаттары еліміздің бүгінгі ұрпақтары үшін де аса қажет. Мемлекет тәуелсіздік жағдайында ұлттық сананы қайта жаңғыртуға және жаһандану өзгерістеріне бейімдеуге жалпыұлттық тұрғыдан басымдық беріп отыр. Ұлы данышпан елдік мүддені әрдайым жоғары қоюға, алған білім мен тәжірибені халық игілігіне жұмсауға шақырды. Бүкіл адамзат үшін даму үрдісін осындай ұстаным арқылы ұғыну әрдайым маңызды болмақ. Абай – біздің ұлтымыз бен жұртымызды танудың төте жолы. Ұлы ақын бізге мазмұндық тұрғыдан өлшеусіз, халықтың руха-



Жаңа философиялық және саяси ұстаным тұрғысынан «Абайтану» оқулығы мен хрестоматиясын әзірлеу қажет. Сондай-ақ Абайдың «толық адам» ілімі жан-жақты әрі терең зерттелуге тиіс. Біз Абайды ХІХ ғасырда өмір сүріп, ХХІ ғасырдың сөзін сөйлеген данышпан ретінде әлемге танытуымыз керек. Сонымен қатар оны ұлттық сананы жаңғыртуға зор ықпал еткен рухани реформатор ретінде дәріптеуге міндеттіміз

ни азығына айналған мұра қалдырды. ХХІ ғасырға қадам бассақ та, Абайдың көзқарасы заманауи ізгілік қағидаттарына және Қазақстан қоғамының басты құндылықтарына, оның бірлігі мен берекесіне толықтай сай келетіндігіне тағы да бір мәрте көз жеткіземіз. Ұлы данышпан ұлттың рухани мәдени, адами бет-бейнесін асқан көрегендікпен сипаттаған. Оның ұлылығы да осында. Абайдың даналық сөздері қазақ халқының алтын тұғыры, түп негізімізге үңіліп, ұлттық ұстынымызды іздеген көптеген ұрпақтың басын біріктіретін мәңгілік рухани тірек болып қала бермек. Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев «Абай сөзі – қазақтың бойтұмары» деген болатын. Бұл тұжырым бізді ақын әлеміне терең бойлауға, жаңаша ойлауға міндеттейді. Қазір елімізде абайтанумен айналысатын бірнеше ғылыми-зерттеу орталығы бар. Осылардың жұмысын жүйелеп, елордамыздағы Абай академиясының төңірегін топтастырған жөн. Академия барлық зерттеу мекемелерінің жұмысын ғылыми тұрғыдан үйлестіруші міндетін атқара алады. Алдағы уақытта гуманитарлық пәндердің бөлінбес бөлшегі ретінде «Абайтану» курсын оқыту мәселесін қолға алу керек. Жаңа философиялық және саяси ұстаным тұрғысынан «Абайтану» оқулығы мен хрестоматиясын әзірлеу қажет. Сондай-ақ Абайдың «толық адам» ілімі жан-жақты әрі терең зерттелуге тиіс. Біз Абайды ХІХ ғасырда өмір сүріп, ХХІ ғасырдың сөзін сөйлеген данышпан ретінде әлемге танытуымыз керек. Сонымен қатар оны ұлттық сананы жаңғыртуға зор ықпал еткен рухани реформатор ретінде дәріптеуге міндеттіміз. Түптеп келгенде, әрбір қазақ Абаймен мақтануға тиіс! Халқымыздың ұлы перзентінің торқалы тойы құтты болсын!

ИНДЕТ ЖОЙЫЛДЫ ДЕУГЕ ӘЛІ ЕРТЕ

» Нұр-Сұлтан қаласының әкімі Алтай Көлгінов елорда тұрғындарына карантиннен кейін эпидемиологиялық ахуалдың қалай өзгеретінін айтып, ескерту жасады.

«Біз карантиннен кейінгі эпидемиологиялық жағдайдың қалай боларына талдау жасадық. Болжамға сәйкес, ахуал бірден жақсарып кетпейді. Жұқпалы-респираторлық вирустық инфекциялар (ЖРВИ) маусымын ескерсек, жылдағыдай медициналық мекемелерге ауыртпалық түседі. Қазірдің өзінде дайындық жұмыстарын жүргізіп жатырмыз. Емхана, ауруханаларға қосымша көмек көрсетілді. 600-ден астам флуометр, 500-ге жуық оттегі концентраторы, 500-ге жуық арнайы төсек-орын, өкпені жасанды желдету және КТ аппараттары алынды. Алдағы уақытта жедел жәрдем көліктері де жеткізіледі. Екі

апта ішінде қалаға 110 тоннадан астам дәрі-дәрмектер жеткізілді» деп жазды қала басшысы instagram парақшасында бұл жұмыстардың жүйелі түрде жүргізілетінін ескертіп.

Әкімнің айтуынша, қажет болған жағдайда барлық 16 инфекциялық стационарда төсек-орындары қайта ашылады. Спорттық ғимараттар мен басқа да бірқатар нысандар кез-келген сәтте науқастарды қабылдайтын орындарды дайындай алады.

Алтай Көлгінов қатаң карантин шараларының ахуалды тұрақтандыруға мүмкіндік бергенін атап айтты. «Жасыратыны жоқ, қала тұрғындары алғашқы каран-

тиннен кейін санитарлық нормаларды сақтамады. Бұл кері әсерін тигізіп, індетке шалдыққандардың саны күрт өсті. Дәрігерлер мен медициналық ұйымдар мүмкіндігінше барын салып жұмыс істеді. Карантин шаралары ғана жағдайды тұрақтандыруға мүмкіндік берді» деді әкім.

Сондай-ақ, ресми мәлімет бойынша, инфекциялық стационарлардағы төсек-орынға сұраныс шілде айының басынан 99 пайыздан 18,5 пайызға дейін төмендеген. Бас қаладағы 16 стационардың бесеуі жабылды. Оларда жатқан барлық науқастар жазылып шықты. КВИ мәселелері бойынша жедел жәрдем шақыру саны 9,5 есеге жуық



төмендеп, тәулігіне 500-ден 53-ке дейін азайды. Стационарларда пневмониямен ауыратын науқастардың саны 6 есе қысқарды. №1 және №2 қалалық балалар аурухана-

сы тамыз айының басынан бері бұрынғы режимде жұмыс істей бастады. Ертеңнен бастап қалалық емханалар жоспарлы қабылдауды жалғастырады. «Бірақ індетті

жұқтыру қаупі жойылды деуге әлі ерте. Инфекцияны тоқтату үшін сақтық шаралары мен санитарлық нормаларды барынша сақтау қажет» деп ескертті Алтай Көлгінов.

ҚАЗАҚСТАНДА КОРОНАВИРУС ЖҰҚТЫРУ ӨСІМІ ТОҚТАДЫ

» Орталық коммуникациялар қызметінде өткен онлайн брифингте Денсаулық сақтау министрлігінің ресми өкілі Бағдат Қожахметов еліміздегі санитарлық-эпидемиологиялық жағдайдың дерек-дәйектерін мәлім етті.

**Ғалым
ҚОЖАБЕКОВ**

«Қазақстанда коронавирусты жұқтыру өсімі тоқтатылды. Ел бойынша жағдай айтарлықтай жақсарды. Атқарушы билік ахуалды қатаң бақылауда ұстап отыр. Медициналық қауымдастықтың санитарлық-эпидемиологиялық қызметі өзіне жүктелген міндетін толық көлемде орындап жатыр. Осылайша, еліміз ең күрделі кезеңді артта қалдырды десек болады» деді ресми өкіл Орталық коммуникациялар қызметінде.

Осы орайда ол ел халқын санитарлық ережелерді қатаң орындауға шақырды. «Бірақ жеткен жетістікке қуанып, босануға болмайды. Ендігі міндетіміз – індетті жұқтыру мен өлім-жітімді тоқтату. Осы ретте барша қазақстандықтарға санитарлық ережелерді орындауға шақырамын» деді Б.Қожахметов.

Бүгінгі таңда коронавирус жұқтырған науқастардың арасындағы 246 адамның денсаулығы ауыр жағдайда болса, 69 адамның денсаулығы өте нашар екен. Бұл ретте министрліктің ресми өкілі «Ресми статистикаға келетін болсақ, биылғы 13 наурызынан бастап Қазақстанда коронавирустық инфекциямен 99 442 адам ауырды. Жазылып шыққан науқастардың саны 72 523 немесе 72,9 пайыз. Стационарларда 4 713 адам ем қабылдауда және 20 937 амбулаторлық жағдай емделуде. Жалпы, науқастардың арасында 246 адамның денсаулығы нашар, 69 адамның денсаулығы өте нашар деп бағаланды. Бүгінгі таңда 70 науқас өкпені жасанды желдету аппаратында жатыр. Соңғы мәліметтер бойынша елімізде бір тәулікте COVID-19 вирусын 741 адам жұқтырған. Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының ұйғарымына қарай 1 тамыздан бастап коронавирустық инфекция және оған ұқсас белгілері бар пневмония деректері бір статистика қатарына

қосылды. Осыған байланысты індеттің таралу көрсеткіші бойынша Қазақстан әлемдік рейтингте бір сатыға көтерілді. Бұған дейін 27-ші орында болса, қазір 26-шы орынға тұрақтады. Дегенмен, қазіргі кезеңде Қазақстанда коронавирусты жұқтыру өсімі тоқтағаны айқындалып отыр.

«Халыққа медициналық көмек көрсетуді ұйымдастыру» тақырыбы аясында өткен онлайн брифингте Денсаулық сақтау министрлігінің ресми өкілі провизорлық орталықтарда жедел әрекет ету үшін денсаулық сақтау жүйесінің медициналық қызметкерлерді дайындаудан бөлек, дәрі-дәрмек қорын

толтыру бойынша ауқымды жұмыс атқарылып жатқанын да жеткізді.

«Коронавируспен және аталған вирусқа ұқсас белгілері бар пневмониямен сырқаттанған науқастар үшін алдын ала бір айлық қорға есептелген препараттар сатып алынды. Қазіргі уақытта осы жұмысқа жауапты бірыңғай дистрибьютор жалпы құны 8,7 млрд теңге болатын 91 түрлі дәрі-дәрмек аймақтарға жөнелтілді. Бұл орташа есеппен 40 мың науқастың еміне жетеді. Бес күннен кейін тағы екі айға жетерлік қор әзірленеді. Қазіргі кезде стационарда

жатқан 200 мың науқасты емдеуге жететін дәрі-дәрмектің 50 түрі әзірленді. Сонымен қатар, амбулаторлық жағдайда емделіп жүрген 1 миллионға жуық сырқатты емдеуге арналған дәрі-дәрмектің 5 түрін сатып алынған. Осындай ауқымды шаралар алғаш рет қабылданып отыр. Сондықтан коронавирус жұқтырғаны анықталған адамдар болса, өздері тіркелген емханаға барып қаралуы керек. Барлық емханада тиісті дәрі-дәрмек жеткілікті және ол тегін беріледі» деді министрліктің ресми өкілі.

Министрліктің ресми өкілі COVID-19 күзде қайта бұрқ ете түсуі мүмкін екенін де еске салып, бұл жағдайға, қауіпті вируспен күреске Денсаулық сақтау министрлігі әзір екенін де атап өтті.

Деректерге сүйенсек, өткен және оның алдындағы жылдары көктем және күз айларында елімізде 600 мыңнан 1 миллионға жуық адам тұмаумен, ЖРВИ-мен ауырған екен. Демек, кәдімгі тұмаудың биыл да болатыны сөзсіз.

Осы орайда Б.Қожахметов «Осы күзде коронавирус инфекциясын жұқтырушылар қатары күрт көбейетіні күтіледі, бұл жылдағы тұмау мен ЖРВИ-дің қозу кезеңімен байланыстырылып отыр» деді.

Орталық коммуникациялар қызметінде өткен баспасөз мәслихатында белгілі болғандай, Денсаулық сақтау министрлігінің ресми өкілі әр аптаның дүйсенбісінде коронавирус инфекциясына қатысты жағдайды баяндайтын болады. Сонымен қатар Денсаулық сақтау министрлігінің медиа орталығы жұмысын бастап отыр. Бұл орталықтың негізгі міндеті – қоғамдық ортамен, бұқаралық ақпарат құралдарымен және мемлекеттік органдармен арадағы байланысты нығайту болмақ.

«Министрліктің атына келіп түсетін арыз-шағымдарға жедел жауап беруге әзірміз. Баспасөз мәжілісінде қойылатын сұрақтардан бөлек, жеке парақшама жіберілген сұрақтарды, әлеуметтік желіде айтылатын сауалдардың барлығын қамтуға тырысамыз» деп түйіндеді баспасөз мәслихатын Денсаулық сақтау министрлігінің ресми өкілі.

COVID-19 ҚАЗАҚСТАН			
КВИ + 2020 жылдың 13 наурыздан 10 тамызға дейін		КВИ - 2020 жылдың 1-10 тамыз аралығында	
Ауырғандар	Қайтыс болғандар	Ауырғандар	Қайтыс болғандар
99442	1269	13280	164
2020 жылдың 10 тамызында			
Тәулік ішінде	Ауырғандар	Қайтыс болғандар	
КВИ +	741	23	
КВИ -	159	12	

* КВИ+ (оң нәтижелі ПТР), КВИ- (теріс нәтижелі ПТР)

@NurSultanNewsBot | t.me/elordainfo

ӨНЕРКӘСІП ЖОБАЛАРЫ ТИІМДІ МЕ?

» Нұр-Сұлтан қаласы мәслихатының бюджет, экономика, өнеркәсіп және кәсіпкерлік мәселелері жөніндегі тұрақты комиссиясының отырысы Zoom сервисінің бейнеконференциялық байланыс платформасында өтті.

Жадыра ШАМҰРАТОВА

«Нұр-Сұлтан қаласының инвестициялар және кәсіпкерлікті дамыту басқармасы» мемлекеттік мекемесінің басшысы Ерлан Бекмурзаев пен «Астана-Технополис АЭА» АҚ төрағасының міндетін атқарушы Бақытжан Досқазиев баяндамаларында арнайы экономикалық аймақты, өнеркәсіпті және экспортқа бағытталған жаңа бәсекеге қабілетті өндірістерді, Нұр-Сұлтан қаласының инфрақұрылымын дамыту туралы баяндады.

«Нұр-Сұлтан қаласының инвестициялар және кәсіпкерлікті дамыту басқармасы» мемлекеттік мекемесінің басшысы Ерлан Бекмурзаев өнеркәсіптің дамуы бойынша әкімдіктің жұмысына тоқтала отырып, өткен жылы елорданың өнеркәсіптің дамуы бойынша Қазақстанның өзге өңірлері арасында алдыңғы орынға шыққанын мысалдармен келтірді. Теміржол

машина өндірісі, қорғаныс, құрылыс және тамақ өнеркәсібі, металлургия, т.б. салалар қарқынды дамуды көрсетіп отыр. Соңғы бес жылда қайта өңдеу өнеркәсібі екі есеге өскен. Спикер «Кока-кола» зауыты мен «Тау-Кен Алтын» аффинаж зауытына ерекше тоқталды. «Тау-Кен Алтын» аффинаж зауыты 2019 жылғы қараша айында өзінің жобалық қуатына қол жеткізіп, 25 тонна алтын өндірген.

Бүгінгі таңда антикризистік жағдайда өнім өндіруде жаңа қадамдар жасалуда. Сонымен бірге медициналық құрал-жабдықтарды импорттау жоспарлануда. Жаңа жобалардың тиімділігін арттыру бойынша әлем елдерінің тәжірибесін басшылыққа ала отырып, жүйелі жұмыс жүргізілуде. «№1 паркті дамыту бойынша жұмыстар аяқталды, енді №2 парк бойынша жобалар қолға алынған. Мемлекеттік бюджетке салмақ түспеуі үшін ол жобаларды біртіндеп, яғни 2030

жылға дейін кезең-кезеңмен жүзеге асыру көзделіп отыр» деді ол.

«Астана-Технополис АЭА» АҚ төрағасының міндетін атқарушы Бақытжан Досқазиев елордадағы арнайы экономикалық екі аймақтың жұмысына тоқталды. «Елбасының өзі бизнестің дамуына технологиялық парктен үлесінің жоғары екенін айтып, жұмысына оң баға берген болатын. «Астана – жаңа қала» аумағында 316 құрылыс жобасы жүзеге асуда, өндіріс жағына келсек, индустриалды паркте 50 зауыт жұмыс істеп тұр, 17 зауыт салынуда, 16 зауыт жобалау және қағаздарын рәсімдеу кезеңінде. Ал, «Астанатехнополис» туралы айтсақ, Назарбаев университетінде 9 жоба іске асуда, ол жоғары технологиялық, медицина және машина құрастыру бағытындағы, сонымен бірге ғылымға байланысты жобалар. Оның екеуі қала бойынша жұмыс істеп жатыр, «iKomek», «iQala», «102» деген жүйені пайдаланатын жоба,



екіншісі ауыл өнеркәсібіне көмектесетін «Егістік» деген жоба. Бұл егістіктің, жердің құнарлылығын арттыруға арналған бағдарлама» деп оның тиімділігін түсіндірді. Оның айтуынша, индустриалды паркте 2018, 2019 жылдарға қарағанда шығарылатын тауарлар 63 пайызға өскен. 2010 жылы 467 адам жұмыс істесе, бүгінгі таңда жұмысшы саны он есеге көбейген. Нұр-Сұлтандағы арнайы аймақта өндірілген тауарлар Қазақстанда шығарылатын өнімнің 76 пайызын құрайды. Сонымен бірге 2019 жылдары пайдаланылмаған жерлерді мемлекетке қайтару бойынша жұмыстар жалғасуда, мысалы, 37 гектар жер қайтарылса,

оның 29 гектары жаңа инвесторларға таратылған. Сегіз айда аялдама салу, жол жөндеу, т.б. жұмыстар жасалған болса, оның бәрі инвесторлар арқылы жасалған. Спикер индустриалды паркте жылу тапшылығы бар екенін де айтып кетті, 12 мекеме автономиялық жылуға қосылатынын мәлімдеген, 20 мекемені биыл, 2 мекемені келесі жылы жылуға қосу жоспарланып отыр. Сонымен бірге билдан бастап елордада лифтер, канцелярлық тауарлар, тұрбалар, сұр бояу, электрондық құрылғылар мен жиһаздар шығарыла бастайды.

Индустриалды паркте 98-99 пайызға жуық жұмыстар жасалған, бос орын

жоқтың қасы, сондықтан қала басшылығымен, президент тапсырмасымен №2 индустриалды паркті дамыту қолға алынған. 432 гектар жер бар, 2042 жылға дейін жобалар үшін өндіріс алаңдары жасақталады.

Нұр-Сұлтан қаласы мәслихатының бюджет, экономика, өнеркәсіп және кәсіпкерлік мәселелері жөніндегі тұрақты комиссиясының отырысында баяндамашыларға өнеркәсіп жобаларын тиімді жоспарлау және индустриалды паркте жылу тапшылығына қатысты сын-ескертеп айтылды. Қарастырылған мәселелер бойынша қаулылар қабылданды.

АРНАСЫ ТАЗАРҒАН ЕСІЛ ЕСІП АҒАДЫ

» Осыдан 12 жыл бұрын Есілге алғаш кеме түсіргенде оның қоғамдық жағажай аумағы, қаланың солтүстік жағалау бөлігі тереңдетілген болатын. Енді, кейінгі жылдары кеме жүргізу бағдарламасын жүзеге асыруға байланысты өзеннің төменгі сағалары тазаланып, тереңдетіліп жатыр.

Дәулет АСАУОВ

2018 жылы Есілдің арнасын кеңейтіп, түбін тазалау жұмыстарын атқару үшін елордада «Павлодар өзен порты» АҚ-ның жергілікті филиалы құрылды. Компанияның бас инженері, Есіл арнасын тазарту жобасының жетекшісі Владислав Гаевскийдің айтуынша, кәсіпорын республиканың кез келген өңірлерінде осы тектес жұмыстарды атқаратындықтан, оның жергілікті жерлерде филиалдары көп. Мұнда жалпы саны 1 мыңнан аса адам еңбек етеді.

Филиалдың жер сорғыш снарядтары сәуірдің соңы мен мамыр айының басында Есілге кезек-кезегімен түсірілген. Қазір өзен арнасын 4 жер сорғыш снарядтар тазалап жатыр.

– Біз Есіл өзенін тек тереңдетіп қана қоймай, оның ішін балдырлардан, басқа да өскіндер мен түрлі қалдықтардан тазартамыз. Сондай-ақ, 11-учаскенің желке тұсынан қосымша өзен қолтығын жасадық. Өзен арнасының енін 100 метрге дейін кеңейттік. Алдағы бір аптаның ішінде бұл учаскедегі өзен тазарту жұмыстарын толықтай аяқтаған соң, жағалауды тегістеп, жарықтандыру бағандарын орнатып, жасыл желек отырғызып, жаңадан тротуар, брусчатка төсейміз. Одан кейін 4, 5-учаскелерге ауысамыз, – деді жоба жетек-



шісі Владислав Гаевский. Жоба жетекшісінің 11-учаске деп отырғаны – Есілдің С.Сейфуллин көшесінің бас жағында орналасқан «Құдай гүлі» деп аталатын мешіт тұсындағы сағасы. Бұл тұс таяз, өзеннің орта жағының тереңдігі 1-1,5 метрден аспайды. Қазіргі жұмыстарының арқасында оның түбі 4-4,5 метрге дейін тереңдетіліп, су айдыны тазаланып жатыр.

Ал өзеннің мешіттен сәл төменірек, қаланың екі жағалауын қосып тұрған көпірден арғы ауданы 4-учаске деп, қалалық қоғамдық жағажай аумағы 5-учаске деп аталады. Осы екі учаскенің тазарту-тереңдету жұмыстары қара күзге дейін созылатын көрінеді.

Өзен түбінен шығарылған құм-тас және қалдықтар

жағалауға үйіледі. Жұмысшылардың айтуынша, өзен түбінен күніне 2,5 мың тоннаға дейін жыныс шығарылады екен. Құмның бір бөлігі қала шаруашылығының қажеттері үшін жұмсалады, сондай-ақ компания оны өзен жағалауын тегістеу, дамбыны көтеру үшін пайдаланады.

Есілде жүрген жер сорғыш снарядтың корпусы мен бөлшектері елордаға Павлодардан жүк көліктерімен бөлшектеліп әкелініп, «Қазақсельмаш» АҚ зауытында құрастырылған. «Павлодар өзен порты» АҚ одан бір цехты жалға алыпты.

Жер сорғыш снаряд – өзен-көлдердің түбін тереңдетуге және су астынан құм өндіруге арналған техникалық флот кемесі. Ол топырақ сорғысы арқылы жынысты

қойыртпақ ретінде өндіреді және сыртқа шығарады.

Әр жер сорғыш снарядты 3 адам басқарады. Аты жаман індет таралмай тұрғанда жұмыс тәулік бойы үзбей жүргізілетін, қазір адамдар тек таңғы 08.00-ден кешкі 20.00-ге дейін және қорғаныс шараларын сақтай отырып еңбектенетін болған. Дегенмен, карантиндік режим компания жұмысына одан басқа еш өзгерістер әкеле қойған жоқ. Персонал саны да бәз-баяғыша. Атқарылатын жұмыс та бұрынғыдай.

Р.С. Өткен аптада Есілге су жіберіліп, өзен арнасы 1-1,5 метрге көтерілді. Бірақ келесі күні су қайтадан тартылып, бұрынғы қалына түсті, әрі өзендегі балықтар жоғалып кетті. Сөйтсек, мол су «Құдай гүлі» мешітінен төменгі тұстағы тоғанды бұзып, ағып кеткен екен. Суды тоқтату үшін «Павлодар өзен порты» АҚ Нұр-Сұлтан қаласындағы филиалының жұмысшылары жедел үймежал бөгетін (дамба) жасады. Ал балықтың жоғалып кетуіне тоғанның жарылуының еш қатысы жоқ. Ол – біресе нөсер жауып, біресе күннің қатты ысып кетуі салдарынан болған жағдай. Ауа райының мұндай құбылмалы кездері балықтар ауырып, судың түбінде жатып алады екен.



САУЫҚТЫРУ КЕШЕНДЕРІ КӨБЕЙДІ

» Елордада бүгінде үш спорт нысанында жөндеу жұмыстары мен екі жаңа нысанның құрылысы жүргізілуде. Бұл туралы Нұр-Сұлтан қаласының дене шынықтыру және спорт басқармасы басшысының орынбасары Нариман Еламанов айтты.

– Жұмыспен қамтудың жол картасы аясында «Толқын» спорт кешенінің шатырына күрделі жөндеу жүргізілді. Бүгінгі таңда ғимаратта жөндеу жұмыстары жүргізілуде: ақтау, қабырғаларды тегістеу, ғимарат ішін, киім ауыстыратын орындарды қайта сырлау, – деді Еламанов.

Сонымен қатар, «Қазақстан» спорт сарайын зияткерлік технологияларды қолдана отырып жаңғырту және пайдалануға беру жобасы пысықталып жатқанын айтқан Нариман Еламанов «Астана Арена» стадионында да жөндеу жұмыстары жүріп жатқанын жеткізді. «Қазанат» ипподромының аумағында иппотерапия әдісімен мүмкіндігі шектеулі балаларды оңалту үшін ат спорты кешенін салу және пайдалануға беру бойынша жұмыстар жүргізілуде. Ны-

сан 250 адамға арналған, 600 орындық трибуналары бар.

Бүгінгі таңда Нұр-Сұлтанда Мемлекет басшысының «100 дене шынықтыру-сауықтыру кешенін салу» тапсырмасы бойынша, халықты бұқаралық спортпен қамту үшін Ильинка, Көктал 2, Өндіріс, Железнодорожный тұрғын алаптарында төрт дене шынықтыру-сауықтыру кешенінің құрылысы жоспарланған. Қазіргі уақытта үш дене шынықтыру-сауықтыру кешенінің құрылысы жүріп жатыр.

Сондай-ақ елордада веложолдардың ұзындығы да артып келеді. Жоспарланған 123 км жолдың 70 км-і салынған. 2020 жылы – 46,4 км, 2021 жылы – 36 км, 2022 жылы – 40,7 км веложол салу жоспарланған болатын.

» Осы мақаланы жазарда қаламгердің әрқайсысы зерттеу жұмысы боларлық публицистикасының сипатын бір мысқал кемітпей, қадірқұнын жеткізіп айта алсам жарар еді деген сенімсіздік болды. Қазақ айтатын «қыздырманың қызыл сөзі» қанша жарқырауық болса да, нәрі мен салмағы болмайтынын ескергеннен де Мейірхан Ақдәулет туралы ойыңды үлпілдек сөздермен әспеттемей-ақ, аспандатып ала жөнелетін жел сөздерсіз жеткізгің келеді. Оның үстіне өзі де ой мен тілдің бос ермегі үшін емес, әдебиеттің, елдің келешегі үшін толғап айта алатын адамнан асырып бірдеңе деу қиын. Өлбетте, үлкен қаламгерге ізет білдірілу керек. Ізеттің үлкені – мерейтойлық мақала жазу емес, Мейірхан ағаның айтып, жазып жүргендерін оқу, айтқан әңгімесін тыңдау. Дәл бүгінгідей кезеңде бізге «айнаға қара» деуге деңгейі мен дәрежесі толық жететін тұлғаның сөзіне қонақ берсек, «білгенге – ишараны» зердеге жазып, ділге сіңірсек, одан ұтылмас едік.



сыз «одалар» қазір одағай сөз секілді – салмағынан жұрдай болды. Енді күң-қанағат, құл-тоба салтанат құра бастады. Қанағат пен тоба елді ел, ерді ер етері рас шығар. Ал құл мен күннің (рухани, әрине) болмысы... рухани дағдарысқа апарады» дейді Мейірхан Ақдәулет.

Қаламгер неден қорқады? Оның қорқынышы қара басы үшін емес. Бұл қорқыныш ортақ. Адамзат баяғыдан бері шексіз бақыт пен еркіндікті, материалдық молшылық пен табиғатқа үстемдікті армандап келген болса, сол үміттері ақталып, индустриялық дәуір басталған кезде өзінің шыңына жетті. Шексіз өндіріс шексіз тұтынуға әкеледі деген болжамдар расқа айналды. Қаламгер біздің халықтың тұтынушы ұлтқа айналып бара жатқанынан іш жияды. Бірінғай тұтыну қоғамына өтіп кеткені ұлттың рухының төмендеуіне әсер еткенін білгеннен, түбі не боларына көзі жеткендіктен де: «Саудагерде рух болмайды ғой, күндіз-түні көзіне ақша елестейді» деп ащы айтады.

Қаламгер тәуелсіздік мұраты жолында, мемлекетшілдік сананы қалыптастыруда аз тер төккен жоқ. Халықтың пайдасына жүруді білмеген, сөйте тұра халық азаматының рөлін ойнағандарды ұлық тұтқан аңғал кезімізде біраз жайдың бетін ашып, көп шындықты айта алды, ұлы ұғымдардың аяқасты болған кезінде (мысалы, Желтоқсан оқиғасында) оңашада ғана айтылатын көп жайды дауыстап, естіртіп айтқан да осы кісі. Ойды халыққа дер кезінде жеткізуге, саңылауы бардың бойына, болмысына сіңіруге деген ынта, ниеттің арты «Алтын Орда» газетін ашуға себепкер болғаны анық. Алматыдан алыста жатса да, аз уақытта ашық пікір алаңына айналып үлгерген, қазақы санаға сілкініс әкеліп, ұлт ойының биігін көрсете алған, Мейірхан ағамыздың өз сөзімен айтқанда «құлсыпайлықты бұзған» «Алтын Орда» қазақтың көңіліне алабөтен әсер етіп, ойын көбейтіп, ертеңге қам жасауына түрткі болып еді. «Алтын Орда» газеті десе сол кездегі оқырманның есіне Мейірхан Ақдәулеттің қалыптан бөлек тосын кездараста жазылған, «қайткенде ел болып қаламыз?» деп ұлт тағдырын қозғаған, әлеуметтік келеңсіздіктерді ашып көрсетуді мақсат еткен толымды мақалалары еске түседі. Бірақ қолдаушының жоғынан, қажетін сезінбеуден жабылып қалды. Ал тап қазір сондай газет керек емес пе? Керек болғанда қандай! Бірақ ұлт мәселесін көтеретін қазақ газеттері күн өткен сайын азайып, барының өзінің тағдыры тендерге байланып, «шықпа, жаным» деп отыр. Бұл да ұлт алдындағы жауапкершіліктің кемдігінен, баяғы...

ҰЛТЫ ҮШІН УАЙЫМ ЖЕГЕН

Жадыра ШАМҰРАТОВА

Оның есімі қазақ поэзиясындағы интеллектуалдық бағытты таңдаған ақын ретінде белгілі. Одан бөлек, Батыс философтарының еңбектерін аударып ұсынды. «Ислам өнерінің рухани мағынасын түсінудің жалғыз жолы – сопылық ілімді түсіну» деген ой айтқан Титус Бурхардттың «Шығыс пен Батыстың киелі өнері» еңбегін аударды. Ф.Шюонның «Исламды ұғыну» деген еңбегін аударды (жалпыадамзаттық ақыл-ойдың табиғатына, мәңгілік пен уақыт проблемаларына, дәстүрлі және қазіргі қоғамдағы қасиетті өнердің рөліне қатысты мәселелерді қарастырған метафизик, теолог, философ). Сондай-ақ Мейірхан Ақдәулет аударған философ Эрих Фроммның «Психология және Дзен-буддизм» еңбегі – Еуропа мен Азия менталитетінің ерекшеліктерін толығымен көрсететін, Шығыс пен Батыстың ең қызықты философиялық жүйелерін салыстыруға арналған, өмірлік бастаманың іске асырылуы ретінде адамның мәнін ашуға арналған еңбек. М.Аджидің «Қыпшақ даласының жусанын» да аударды.

Бүгінгі әлемдік әлеуметтік процестің дамуында «мәдени сәйкестіліктің проблемалары мен шиеленістері», «мәдени сәйкестілікке төнген қауіптер», «мәдени сәйкестіліктің трансформациясы», «мәдени сәйкестіліктің маргинализациясы», «мәдени сәйкестілік дағдарысы» деген мәселелер бар. Жаһандық сәйкестендіру – бұл өзгеріп жатқан әлеуметтік жағдайларда ұлттың өзін жоғалтып алмауы, өзін басқалардан ерекшеленетін ұлт ретінде

тануының нәтижесі. Ұлт толыққанды өмір сүру үшін өзінің жеке басын анықтап алуы, яғни: «сіз кімсіз?» деген сұраққа жауап беруі және өзін жоғалтпауы керек, ол үшін болашақ алдындағы жауапкершілік маңызды. Соңғы кездері Мейірхан ағаның қазақы болмыс, ұлттың рухани мінез-құлқы, яғни діл, соңғы кездері қауіп ойлата бастаған рухани дағдарыс туралы жиі айтатыны, «Біздің әрбір қазағымыз жұрттың он адамындай болуы керек» деуі содан. Өйткені ұлттың мәдени дағдарысы ұлттық қауіпсіздікке қатер төндіреді. «Дағдарыс – қазақ ұлты барлық жағынан мойын оздырып өз болмысын сақтап қана қоймай, осы айлапат елдің шын мәніндегі қожасы бола ала ма?» деп сұрағанда, осыған шынайы, оң жауаптың әзір табылмай отырғандығында, ұлттың үмітін семіртетін өзгерістердің аздығы, әлсіздігінде, соның күшейеріне келіптің жоқтығында» дейді Мейірхан аға.

Ұлттық қауіпсіздікті сақтау дегенің, айналып келгенде, о бастағы негізді, ұлттың жадын, өзегін һәм тамырын сақтау және нығайту. Шындығында, біз сияқты жаугершілік, соғыс, аштық, репрессиялардан бойына үрей әбден сіңген, саны азғантай, әлі сапаға айнала қоймаған ұлт үшін басты стратегия – бәсекеге қабілетті дамудан бұрын алдымен ұлт ретінде сақталып қалу. Сапалық деңгейге көтерілу біртіндеп келетін процесс десек те, келешекте мығым ұлт болмаққа ниеті бар ұлт ең алдымен «айнаға қарап, ажарын танып» (М.Ақдәулет)» өзінің кемшілігін, мінін көріп, оны сынап, жабылып түзетудің амалын қылуы керек дейтін ақынның «Ұлттың жақсы-

сын ешкім тартып алмайды» деуі содан. Осы жерде ойланасың... Біз өзі қай төбеде, қай межеде жүрміз? Қаламгердің «рухы жүдеген елдің алдындағы жауапкершіліктің қандай болмағын ұлттың қаймағы саналатын зиялы қауым сезінуге тиіс, оның жалғыз жолы онсыз да төрт құбыласы теңеліп жарымаған ұлттың көзін ашу, ұлтты алдарқатудан арылуы керек дегенді» орындала ма... Мұның жауабы қиын. Әзірге байқалатыны – жауапкершілікті сезінбеу бар, өзіміз уығын қадасқан қоғамның барлық саласында ахуал осы. Ақын Мейірхан Ақдәулет айтады («Қателік» хабарынан алып отырмын): «Өзіміздің мойнымызда қандай жауапкершілігін ойлай бермейтіндігіміз – қателігіміз. Біздің қазақ қазір өтірік намысшыл. Ұлы Абай: «ат шаба алмас мінімнен» дейді. Мінінің көптігінен ат көтере алмайтынын айтады, қалай Абай басыммен соны айтады? Абай сырттай қарасаң атақты Құнанбайдың баласы, оның әкесі ұлы адам болған, өлген болысы бар атақты Тобықты, оның сыртындағы қазақтар әдейі келіп сәлем береді, сөйтіп отырып Абай: «ат шаба алмас мінімнен» дейді. Осыны түсіну адамды күшейтеді. Адам неғұрлым санасы, ойы қортық болған сайын «менде кінә жоқ» дейді. Дүниедегі ең жаман адам – өзінің дұрыстығына күмән келтірмейтін адам, ол адам менікінің бәрі дұрыс дейді де, білгенін істейді. Міне, осы жерде жоғарыда сөз болған «дағдарыстың» қайдан шығатыны өзінен-өзі белгілі болып тұрған жоқ па? «Баяғыдан бері айтыла-айтыла ақжем болған қазақы проблемалар мен «біз неткен керемет!»-тен басталатын орынды-орын-

■ ҮЗІК ОЙЛАР

* Алдымен адалдық керек, сосын еліктегенді де жек көрем. Сен Әуезов болам деп соған ұқсас көп нәрсе жазасың, Әуезов біраз адамға жетеді, бірақ сен Әуезов бола алмайсың ғой. Бізде тағы бір жаман әдет бар, қазақ бәйгеге ат қосып үйренген, мәстегі келсе де қуанады, мәстегім келсе екен деп отырады, соны тастау керек. Соның бәрі білмегеннен. Әлемнің әдебиетін білмегеннен. Өзі надандау, әдебиеттен хабарсыздау, шектеулі, күнкөрістің халқы болса оны алдау оңай, өйткені «көрмегенге – көсеу таң».

* Тәуелсіздік алғалы біздің басымыздан бірталай нәрсе өтті, сөйтіп жүргенде әдебиет өзінен-өзі төменшіктеп қалды. Оның үстіне біздің қоғам тұтынушы қоғамға айналды, әуелі күнкөріс үшін жанталасты, әдебиетке мұрша жоқ, содан да әдебиеттің деңгейі әбден түсіп кетті. Қазір біздің халық әдебиет оқымайтын халыққа айналып болды.

* Ауыр артиллерия, халықты ойлы қылатын, тереңірек тәрбиелейтін – проза, аяған сол проза біржола сүмірейіп бара жатқан секілді көрінеді.

* Қазір жылына бәлен мүшәйра, конкурс өтіп жатады, біреулерін оқыдым бірінші орын алған, сол түкке тұрмайтын нәрселер, бірінші орын беріп жатқандары. Одан жақсысы болмағасын береді. Мен максималист шығармын, бірақ осылай кете берсек, бара-бара әдебиетті де қоямыз, тілді де, бәрін қоямыз. Оны ешкім айтқысы келмейді, біз қазақ пәленбіз, түгенбіз, «Мәңгі ел» боламыз дейміз, мәңгі ел боласың, әрине, бірақ ол кезеңнің контекстінде кім қалады? Орыстанған, я қытайланған, маңызы жоқ, ас ішіп, аяқ босатқан дүбара ұлт қалады.

* Біз кейде өзіміз білмейміз, дүниеден біреу өтті, бәлен жылдығын атап оту керек, оны аламыз да мақтаймыз, «Бұл деген данышпан, Алаштың бірдеңесі ғой...», біздің сөзіміз өліп бара жатыр, сөз деген құдіретті, Құран сөз емес пе, Інжіл сөз емес пе? Бізде оның тек қауызы қалды, тек әдемі сөз... кешір, анау жезөкшелер де әдемі киініп алады ғой, оның киімінің әдемілігі сондай, қарапайым адамнан он есе артық болып тұрады көз алдайтын болып, бізде сондай нәрсе бар әдебиетте.

* Менің ұғымымда жазушы деген – осы дүниеге қайғыратын, осы қоғам нашар болса уайым жейтін адам. Егер әдебиеттің адамдары анда-мында барғанына қуанып, соны естелік қылып жазып жүре бермей, өздерін сыйласа және мықты болса ана ауылдың шамалы топастау, әдебиеттен бейхабарлау шенеунігі де әдебиетті сыйлайтын болады. «Пәлен жақтың әкімі менің он томымды шығарды», болмаса «халықты жинап машина мінгізіп жіберді» дегенді естігенде ойға келетіні – кейінгі жастар келе жатыр, солардың деңгейімен неге есептеспейміз? Жазушы деген атты иемденгендердің бәрі жұртқа өнегелі адам болуы керек.



АБАЙ РУХЫ ХАЛЫҚҚА

МУХАҢ ТҮСЕТІН ҮШ-АҚ ҮЙ БОЛДЫ

– Молдабек аға, ұлы ақынның 100 жылдығы Ұлы Отан соғысы аяқталған жылы тойланыпты. Бала кезіңізде сол тойдың куәсі болыпсыз. Ол уақыт өте қиын еді ғой...

– Шынында, бұл өте ауыр уақыт еді. Біреу баладан, біреу ерінен, біреу ағайын-туысынан айырылып, халық әлі жылаудан арылған жоқ еді. Той туралы хабар халыққа тарай қоймаған. Мына бір тарихи дерекке көз жүгіртсек, Шыңғыстау елінде 1928 жылы – 34600-дей, ал 1939 жылғы санақта 6980 адам ғана қалған. 1600 адам Шыңғыстаудан соғысқа аттанды. Абай елінің тағдыры онсыз да ауыр еді. Бірақ мемлекет 1939 жылы арнайы қаулы қабылдап, дайындық жобасы басталып кеткен екен. Тіпті соғыс бітпей жатып Министрлер кеңесінің жанынан арнайы комиссия құрылып, нақты жоспар жасалған. Ұлы тойдың қарсаңында не істеу керек, қандай жұмыстар жүргізу қажет, жалпы ауданның жағдайы қандай – осының барлығын өз көзімен көріп, білмекке комиссия басшысы Мұхтар Әуезов ауданға арнайы келіпті деп естідік. Аудандағы халықтың жағдайы өте әлсіз еді ол уақытта. Қарауылда Мұқаң түсетін үш-ақ үй болатын. Біріншісі – Балтақай Толғанбаевтың үйі. Ол кісі Мұхтар ағамен шамалас болатын. Екіншісі – біздің әкейдің үйі, бұрын Семейде тұрғаннан таныс. Үшіншісі – Рахым Күзембаев деген кісінің үйі болатын. Мұқаң осы үйлерді кезек-кезек аралап, қонақ болатын. Негізгі мақсаты тойдың қамы болса да, кешкілік алтыбақанға шығып, ауыл жастарымен бірге болатын. Бұл 1943 жыл, соғыстың беті қайта қоймаған, жеңістің ауылы алыс уақыт болатын. Соған қарамай мемлекет Абай тойын өткізуді белгілеген. Осындайда Мұханның келуі халыққа жігер берді. Майданда азаматтарынан, ардақтыларынан айырылған адамдар «Абай тойы болады» дегенде уақытша болсын қайғы-қасіреттерін ұмытқандай болды. Мен ол кезде тоғыз жасар баламын. Ол уақыттың баласы ерте есейеді ғой, қарағым. Мұхтар аға Абай еліне жиі келетін. Біздің үйге келіп түскенде Мұхтар ағаны түс тоқтатып көрмесек те, басымыздан сипады, шарапаты тиді. Сол жолы келгенде жазушы, суретшілерді ертіп келіпті. Біздің шешеміз тобықты ішіндегі Мамай руынан тараған. Шешемізді Айгерімге ұқсатып, соның прототипі деп суретке түсірген екен, тегі анамыз өнді болса керек. Тойға

» Ұлы ақынның торқалы тойы ел тарихында үш рет тойланды. Осы тарихи тойлардың басы-қасында болған, бүгінде сексеннің сеңгіріне шыққан тарихшы-шежіреші, этнограф, Абай елінің қадірлі ақсақалы Молдабек ЖАНБОЛАТҰЛЫМЕН сұхбат.



дайындық барысында Мұхтар ағаның басшылығымен ерекше көңіл бөлгенін айта кетпесе болмас, Абай заманындағы Тобықты руының ерекшеліктері ескеріліп жасалсын делінген. Айталық, Абай елінің тұрмыстық ерекшелігі – киім үлгілерінен ер-тұрманына дейін көрсету қаулыда қадап тұрып көрсетілген. Білген адамға осының үлкен мәні бар. Мысалы, тойға арналған Абай дәуіріндегі киіз үйді жабдықтау үшін түрлі түсті 279 метр бұл, 3 кілем, аю терісінен жасалған екі бөстек, 24 кг мамық, 2000 метр жібек жіп, 23 кг бояу қажет болған. Осыны қиын, жоқшылық уақытта тапты және Абайдың сегіз қанат киіз үйін жасап, жабдықтауға бес шебер қатысқан делінген тарихи құжатта. Тойға тігілген 100 қаралы киіз үйдің этнографиялық ерекшеліктері ескерілген, осыны біз бала күнімізде көзімізбен көрдік. Баламын ғой, біз үшін бәрі қызық, бәрі таңсық болатын. Әйтеуір естігеніміз – хакім Абайдың ғасырлық тойына Одақтан үлкен қонақтар келетін болыпты.

ЕЛ ЕҢСЕСІН КӨТЕРДІ

– Расымен де, қиын кезеңге қарамай тойдың дайындығы айтарлықтай болған екен. Тойдың қалай өткені есіңізде қалды ма?

– Қалды ғой есімде, неге қалмасын?! Соғыс енді ғана аяқталған кез. Ел «Абай тойы болады!» дегеннен-ақ

абыр-сабыр күйде болды. Біз баламыз, тайға мініп күнде Қарауылдың бойындағы Ақжарда киіз үй тігіліп жатқан жерге барамыз. Ауданның 24 колхозының ақ шаңқан үйлері, Абыралы ауданы, Шұбартау ауданы, Аягөз ауданының көштері ағылып келіп жатты. Ол уақытта бүгінгідей көлік жоқ, жұрт ит арқасы қияннан ат арба, түйемен көшіп келді, олар

арнайы тапсырмамен келген екен. Қонақтарды күту үшін арнайы аспаздармен, қазан-ошақтарын, ас-суларын ала келген. Біз осыны қызықтап көш керуеннің келуін түн ортасына дейін күтуші едік, сол ғажап уақыт болатын. Тойдың алдында далада ақындар айтысын өткізді. Аягөзден – Есенсары Құнанбаев, Жармадан – Сапағали Әлімбетов, Абайдан

– Шәкір Әбенев, ет комбинатынан – Төлеу Көбдіков, тері комбинатынан Нұрлыбек Баймұратов сынды жыр сүйлейлері күні бойы сөз қағыстырды. Бұлардың барлығы Арқаның атақты шайырлары еді. Қиыншылықтан енді арылған ағайын жырдан сусындады.

ҚАЖЫМҰҚАННЫҢ ӨНЕРІН ТАМАШАЛАДЫҚ

– Абай тойына арнайы шақыртумен келген күш атасы – Қажымұқан, естуімше, сіздің үйде болған деседі, батырды көрдіңіз бе?

– Қажымұқан біз үшін аңыз адам болатын. Менің әкемнің жағдайы болған болуы керек, осы тойда жеке үй тікті. Батырды біздің үй қонаққа шақырды. Сол түні есіктен сығалағанымыз болмаса, батырды көре алмадық. Ертесінде ерте тұрып тойлы ауылға бет алдық. Той болатын ауылға атты адамды кіргізбейді, тәртіп солай. Атты ауылдың сыртындағы қабаққа айқастырып, «қалмақша» байлап қойдық. Үйдің алдында топырлаған халық, үлкендердің аяғының астынан өтіп, әйтеуір ортаға жеттік-ау. Кеудесі жалаңаш, басы жалтыраған дәу адам екен. Қасында шағын жеңіл машина, біздің елде оны «легковой» деуші еді. Рөлде шопыр отыр, шетінен келіп бір қолмен көтергенде, машинаның дөңгелектері айналып тұрды. Бұрын мұндайды көрмеген халық қол



шапалақтап, мәз болды. Аты аңызға айналған адамды жақыннан көргенім осы еді.

– Сол тойдағы аламан бәйгеде «Ұлықбек деген атамның кер аты қара үзіп келіпті, шабандозы сіз болыпсыз» дейді. Сол рас па?

– Ол – бекер әңгіме, мен шабандоз болған жоқпын. Ал сіз айтып отырған Ұлықбектің кер аты аты аңызға айналған ат болатын. Ұлықбек Байырбеков ол кезде аудандық білім бөлімінің басшысы, керемет атқұмар адам еді. Мен ол кісіге шәкірт боламын. Жаңағы аттың текті тұқымнан екенін естіп, соғысқа жібергелі тұрған жануарды өзінің биесіне айырбастап, мектептің қызмет көлігі ретінде ұстап, аламанға қосты. Кер атты Болысбай деген ағамыз жаратып, Ж.Әбдиев деген бала шапты. Жануар шынында да ерен жүйрік еді. Аламан бәйге Шаһар бақсының қорасынан бастау алды, ол 45 шақырым болатын. 60-тай сәйгүліктің ішінен жануар қара үзіп келді ғой, біз тай мініп аламанды көруге алдынан шықтық. Бұл Абай елінің тарихындағы ұлы аламан еді.

– Аға, ұлы Абайдың алғашқы мерейтойын көрдіңіз, бала болсаңыз да, әр тойдан бір сарқыт қалады ғой...

– Қарағым, Шыңғыстауда не қасірет болмады, ашаршылық, репрессия, көмпелес, ақ пен қызылдың тартысы, бес жыл соғыс. Шыңғыстау – осы оқиғаның бәрін басынан өткізген, өте көп қиянат көрген ел. Соның барлығын ақынның ғасырлық тойының қуанышы жуып-шайып кетті. Халық қайғы-қасіреттен сана-сезімі сергіді. Абай ауылына жарық тартылды, жол салынды, Жидебайды қайта жөндеді, Абай мен Оспаннның зираты қалпына келтірілді. Кезінде түйе қора болған Жидебайдың басына «Қызыл отау» келді. Жидебайды ел танитын орталыққа айналдырды. Ұлы ақынды мәңгілік есте қалдыру мақсатында Алматы қаласында қоладан ескерткіш тұрғызылды, Семей мен Алматы қаласындағы театрлар Абай есімімен аталды. Абай ұрпақтарының барлығына зейнетақы тағайындалды. Абайдың ғасырлық тойынан бізге қалдырған сарқыты – осы, шырағым.

АҚЫН ҮЙІ ҚАЙТА САЛЫНДЫ

– Молдабек аға, Абайдың 125 жылдық мерейтойының дайындық жұмыстары 100 жылдыққа қарағанда жеңілдеу болған шығар, қанша дегенмен той өткізуде тәжірибе бар ғой.



ҚУАТ БЕРДІ



– Иә, ол – бүкілхалықтық той. Оған өте қатты мән берілді. «Осы өткізу керек деген ой» бес-алты жыл бұрын басталып, елдің арасында сөз болды. Алматыдағы Шыңғыстаудың азаматтары Әбусағит Жиреншин, Ғайса Сармурын деген азаматтар аудан басшылығына хат жазып, олар алдымен «Абайдың үйін қайта салу керек» деп жанашырлық танытты. Ол уақытта Жидебайдағы Абай үйі тозып қалған еді. Енді біреулер «Абайдың қолы тиген топыраққа соқтықпай шынымен қаптап қойып, қасынан бес-алты қабатты зәулім үй салып, үлкен орталық жасау керек» деген пікірлер айтқан. Осы тұста Орталық Комитеттің қаулысы шығып (ол уақытта Мұхтар аға өмірден озған), Абай тойының ұйымдастыру комиссиясын Ғабит Мүсірепов басқарды. Орталық Комитеттің қаулысында «Барлық шара Абай елінің дәстүрі бойынша жасалсын, Абайдың киіз үйі, Жидебайдағы Абайдың қыстау үйі, қазіргі музей қайта салынсын» делінген екен. Сонымен, Абайдың Жидебайдағы үйін қайта салатын болдық. Ол кезде Абай үйі «Қызыл отау» болатын. Мамандығым – математик, жазу-сызу білгендіктен барлық жауапкершілік маған жүктелді. Облыс басшылары А.Қайсақанов пен Е.Қашағанов «Сол үйді көрген-білген адамдарды тауып, Абайдың өз үлгісінде қағазға түсір, бір қадасы қалмасын» деген тапсырма берген. Сонымен хош, ол уақытта Абайдың қолында бүркітші болған аңшы Бәсейдің Мұхтар есімді баласы бар еді. Өзі де аңшы, Абайды көрген, әкеммен құрдас еді. Мұхтар ағаға барып мән-жайды түсіндірдім, қатты қуанды. Мұхтар аға жіпке тізгендей бәрін баяндап берді, қай бөлмеде не тұрғанын, қай бөлмеде кім

жатқанын, жиһаз, ыдыс-аяққа дейін айтты. Қайтып келіп қарасам бәрі бүлінген екен. Мұхтар ағаның жобасымен сызбасын салдым. Ал ішіндегі дүниені білу үшін Абайдың күтушісі болып, шайын құйған Қатпаның бәйбішесі Мақып апаға бардым. Атамыздың отырған орнын, шай ішетін жерін, қолданатын ыдыс-аяғын (Абай атам тек самаурымен ғана шай ішеді), ас үйдегі бу тартқыштың орнын, төсек-орын тұрған бөлмелерін сызып алдым. Республика Мәдениет министрлігінің орынбасары да, облыс-аудан басшылары да көріп мақұлдап, Абай үйінің іргетасынан басқасының бәрін қайта салып шығатын болдық. Құрылысқа жауапты басшыларға бірден тапсырма берді. Басшылықтың бәрі өзге ұлттың өкілдері еді. Оларға «Жанболатов сызбасынан ауытқу болмасын!» деп қадап айтты. Сонымен, 1969 жылы басталған Абайдың үйі 1970 жылы барлық экспонаттарымен қаз-қалпында дайын болды. Оны өзім

қабылдап алдым. Осылайша Абайдың 125 жылдық мерейтойы Абай үйін қайта салудан басталды. Қазіргі үй сол кезде салынған.

ШӘКӘРІМНІҢ ОРАЛУЫ

– Ұйымдастырушылар тарапынан барлық шара уақытында дайын болып, қаражат жеткілікті болғанына қарамастан, той бір жыл кешігіп басталыпты. Оған не себеп болған екен?

– Мерейтой өтетін жылы Абай елі тағы бір қиындыққа тап болды. 1968 жылдың аяғында ауданда үлкен жұт болды. Қыс қатты болып, қар қалың болды. Одан қала берді қарлы жаңбыр жауып, мал тұяқтан кетті, мал азығы жетпей, ауданда 120 мың қой еріксіз сойылды. Жылқы, сиыр қансырап қалды. Орталық Комитеттің келісімімен бір жылға кешіктіруге тура келді.

– Мерейтойға 15 республикадан 500-дей қонақ келген екен. Осындай ауқымды мәдени шараға

Абай, Абыралы өнерпаздары тартылған танымал өнер жұлдыздары болды ма?

– Өнер жұлдыздарынан Бибігүл Төлегенова, Роза Бағланова, Ермек Серкебаев, Жәнібек Кәрменов бір-бір ән салды. Негізгі мақсат Абай елінің өнерпаздарын, Абай елінің дәстүрін көрсету болатын. Жидебайдың басында той қонақтары аудан өнерпаздарынан құрылған 400 кісілік төрт дауысты хорды тамашалады. Ең кереметі сол, Абыралы өңірінің өнерпаздары мен барша мекеме өнерпаздарының қатысуымен «Абай» романы желісімен 45 минуттық дала көрінісі қойылды. Оған 200-ден аса өнерпаз қатысты. Қойылымда 200 ат, түйе, арба, сол дәуірдегі киім үлгісін көре алдық. Романның оқиғасы шынайы берілді. Келген қонақтар көшпенді елдің дала мәдениетін өз көздерімен көрді. Шеттен келген қонақтар өз елдерінің орталық басылымдарында Ұлы дала мәдениеті жайлы мақалалар жариялады. Ал сол қойылымды қойған – кәсіби емес, ауыл режиссерлері М.Исатаев пен Б.Жанболатов деген азаматтар. Одақтың орталық телеарнасы сол қойылымды таспаға түсірген еді. Өкінішке қарай, Мәскеудің, Ленинградтың, Алматының орталық мұрағаттарында жоқ болып шықты.

– Молдабек аға, бұл той тағы несімен есте қалды?

– Осы тойдың алдында тағы бір ұлы тұлға – Шәкәрім атамыз Жидебайға жерленіп, құтты орнына қонды, Абай атамның үйі қайта жаңғырды. Жидебай адам танымастай өзгерді. Қарауылды әлем таныды. Бұл ұлы тойдың сарқылмас сарқыты болатын.

Қадырбек КӘКІМҰЛЫ



Абай атаға шай құйған Мақып апа

Абай Құнанбайұлының бай мұрасы – әлемдік мәдениет тарихындағы тамаша құбылыс. Халықаралық беделді ұйым ЮНЕСКО-ның 1995 жылды Абай жылы деп атауы да кездейсоқтық емес. Хакім Абайдың 150 жылдық мерейтойы әлемнің жиырма бес елінде атап өтілді. Мерейтойға арналған салтанатты іс-шаралар Парижде, Анкарада, Делиде, Бейжіңде, Мәскеуде, Санкт-Петербуржде, Каирде, Будапештте және басқа да қалаларда өтті.

1995 жылы 9 тамызда Алматыдағы Республика сарайында өткен Абайдың 150 жылдығына арналған салтанатты мәжілісте Қазақстанның Тұңғыш Президенті Н.Ә.Назарбаев былай атап өтті: «Абай армандары – тек бір ғана ұлт ұстанатын мұраттар емес, күллі адамзат ұстанатын мұраттар».

1995 жылғы 11 тамызда Жидебай қорығында сәулеті жағынан да, техникалық шешімі мен нысанның салынуы бойынша да бірегей кешен – Абай мен Шәкәрім күмбездері мемориалының ашылу салтанаты болды. Елбасы Н.Назарбаев ашылу салтанатында сөйлеген сөзінде: «Осы күннен бастап Абайдың ата-бабасы өмір сүрген қасиетті жер – әлем халықтарының өмірі, теңдік пен келісім, әрдайым бір-бірінің мәдени мұрасы арқылы баю қажеттігі туралы ақын идеясымен толық келісетін әрбіреуіміз үшін рухани Меккеге айналатын болады» деп мәлімдеді.

Қарауылтөбеде Абай атамның 150 жылдық тойы дүркіреп өтті. Дала төсіне 1350 ақ шаңқан киіз үй тігілді. Сол киіз үйлерде қазақстандықтармен қатар әлемнің 18 елінен келген құтты қонақтарға ас берілді. Бұдан бөлек, айтулы іс-шаралардың ішінде ақындар айтысы, ат жарыс (аламан бәйге, құнан жарыс, жорға жарыс), ұлттық ойындар, цирк әртістерінің өнері, даладағы үлкен сахнада қойылған гала-концерт мерейтойдың думанын одан сайын қыздыра түсті. Әсіресе, тойға арнайы келген Татарстан президенті Минтимер Шаймиев бас жүлдеге «Камаз» автокөлігін тіккен 40 шақырымдық аламан бәйгенің додасы көптің делебесін қоздырды. Қарауылтөбедегі ақындар айтысында Мұхамеджан Тазабеков 1-орынды иеленіп, шетел автокөлігін алды. Ал Орта Азия және Ресей эстрада дүлдүлдерінің қатысуымен өткен гала-концерт көрермендердің ерекше ықыласын туғызды. Сол күні 1 мыңға жуық жас таңғы 5-ке дейін Қарауылтөбенің басында алтыбақан теуіп, сөйіл-серуен құрды.





«АСТАНА» — ЧЕМПИОНДАР ЛИГАСЫНДА

Швейцарияның Ньон қаласында футболдан UEFA Чемпиондар лигасы 2020/2021 жылғы кезеңінің бірінші іріктеу сатысының жеребесі тартылды.

Еліміздің 6 дүркін чемпионы «Астана» командасы бірінші кезеңде Беларусьтің «Динамо» (Брест) командасымен кездесетін болды. Алғашқы ойындар 18 және 19 тамыз күндері өтеді. «Астана» бірінші ойынды сырт алаңда бастайды.

COVID жағдайына байланысты турнир ережесінде бірқатар өзгерістер болды. Атап айтқанда, жарыстың бірінші сатысындағы жеңімпаз бір ойын арқылы анықталады. Жеңген команда бірден Чемпиондар лигасының екінші сатысына

шығады. Ал жеңілген команда Еуропа лигасының екінші сатысында қосылады.

«Астана» биыл алтыншы рет қатарынан Чемпиондар лигасының іріктеу кезеңінде сынға түседі. Осы аралықта елордалық команда 2015/2016 жылғы кезеңде Еуропаның клубтық ең ірі турнирінің топтық кезеңінде өнер көрсетті. Бір мәрте плей-офф кезеңіне дейін жеткен. Еуропа лигасының топтық іріктеу кезеңінде де ел намысын сәтті қорғай білді. 2016/2017 жылғы кезеңде жарыстың 1/16 фина-

лына шыққан еді.

Ал «Астананың» жаңа маусымдағы бірінші қарсыласы «Динамо» (Брест) командасы 1960 жылы құрылған. 1992 жылы өз елінің чемпионатында қола жүлдегер атанса, өткен жылы тұңғыш рет Беларусь чемпионы атанған.

Кеше Еуропа лигасының биылғы іріктеу кезеңінің де жеребесі тартылды. УЕФА-ның екінші деңгейлі турнирінде Алматының «Қайраты» Арменияның «Ноа» командасымен кездесетін болды. Шымкенттің «Ордабасы» Румыния-

ның «Ботошани» клубымен ойнайды. Екі матч та Қазақстанда өтеді. Ал Қызылорданың «Қайсар» командасы Еурокубокты екінші іріктеу сатысынан бастайды.

Биыл Еуропа лигасының іріктеу кезеңінде де жеңімпаз команданың тағдыры бір ойынның нәтижесімен шешіледі. Тең нәтиже тіркелген жағдайда турнирдің келесі сатысына өтетін команда қосымша тайм немесе пенальти сериясы арқылы анықталатын болады.

Бетті дайындаған
Галым ҚОЖАБЕКОВ

ЖАСӨСПІРІМ ШАХМАТШЫЛАР ЖАРАДЫ

Four Cities Friendship Chess Championship 2020 – Junior Division халықаралық шахмат онлайн матч-турнирінде қазақстандық «Astana» командасы айқын жеңіске жетті.



Елдер мен төрт қаланың жасөспірімдері арасындағы халықаралық турнирге Нұр-Сұлтан, Гонконг, Сингапур қалалары мен Малайзияның командалары қатысты.

«Astana» шахмат командасы сапында өз жас санаттарына қарай ҚР чемпионаттарының жеңімпаздары мен жүлдегерлері атанған шахматшылар өнер көрсетті. Онлайн жарыста Аят Абдуллаев, Иманғали Ақылбай, Даниял Сапенов, Алдияр Ансат, Әлихан Хажатұлы, Сауат Нұрғалиев, Назар Талғатов,

Эдгар Мамедов, Әлидар Арын, Данис Қуандықұлы, Нұрсұлтан Намазкеев, Әлішер Абсаттар, Айжарық Қализа, Зарина Нұрғалиева, Мәлика Жапарбекова, Елназ Қалиахмет, Далия Диасқызы және Ханзада Аманжол жеңімпаз атанды.

Ел намысын абыроймен қорғаған жеңімпаздарды Мәдениет және спорт министрі Ақтоты Райымқұлова құттықтап, елдің абыройын көтерген жасөспірім шахматшыларға спорт сайыстарында сәттілік тіледі.

ASTANA MARATHON ӨТПЕЙТІН БОЛДЫ

COVID-19 жағдайына байланысты Astana Marathon турнирі биыл өтпейтін болды. Бұл жөнінде дәстүрлі жарыстың ұйымдастырушылары мәлімдеді.

«Бүгін біз Астана марафонының COVID-19-ға байланысты өтпейтінін растаймыз. Осы жылдың басында біз қыркүйек айында коронавирус пандемиясына байланысты енгізілген шектеулер жеңілдетіліп, жыл сайынғы жарысымыз өтеді деп үміттенген едік. Өкінішке қарай, биыл біз, көптеген басқа марафон ұйымдастырушылары сияқты, бәріміз үшін қауіпсіз әрі ыңғайлы жарысты ұсына алмаймыз. Тіркелген барлық қатысушылар төлем туралы электрондық хат алады. Денсаулықтарыңызға көңіл бөліңіздер, біз келесі жылы көрісеміз деп үміттенеміз» деп жазылды ұйымдастырушылар хабарламасында.

Жыл сайын күзде әлемдегі атақты атлеттер мен мыңдаған әуесқой жүргізушілер бақ сынайтын, Қазақстан астанасына әлемнің назарын аударатын дәстүрлі жарыстың өтпейтіні, әрине, өкінішті екені сөзсіз. Алайда келесі жылы сәтімен жалғасады деген үміттеміз.



Құрлықтық хоккей лигасында өнер көрсететін елордалық «Барыс» жаңа маусымға дайындығын бастады. КХЛ чемпионаты 2020 жылғы 3 қыркүйек – 2021 жылғы 27 ақпан аралығында өтетін болды.

«БАРЫС» ҚАЙДА ОЙНАЙДЫ?

COVID-19 жағдайына байланысты көктемде Гагарин кубогы турнирінен бас тартқан қазақстандық «Барыс» хоккей командасының 2020-2021 чемпионатына қатысатыны мәлім етілді. Жақында тағайындалған команданың жаңа бас бапкері Юрий Михайлис оқу-жаттығу жиындарын бастады. Әзірге команда сапына қазақстандық хоккейшілер ғана жиналды. Легионер ойыншылар шақыру бойынша келетін болады.

Бір айтарлығы, «Барыс» командасының өз алаңындағы ойындарды қайда өткізетіні әлі белгісіз болып отыр. Өйткені Қазақстандағы коронавирус жағдайы КХЛ басшылығын алаңдатып отырған көрінеді. Осы жағдайға байланысты бірқатар ресейлік қалалардан «Барысқа» арена беру жөнінде ұсыныстар да түсіп отыр. Бұл жағдай қазақстандық жанкүйерлерді де алаңдатып отырғаны сөзсіз. «Барыс» чемпионаттың алғашқы

